



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

28 қаңтар
сенбі

№8 (1915)

2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Үкіметте ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың қатысуымен Сыр өңірінің дамуы жөнінде мәселелер қаралды.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев облыста биыл атқарылар жобалар мен алдағы жоспарлар жөнінде кеңінен мәлімдеді. Атап айтсақ, биыл өңірде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы үш жылда салынатын 21 мектептің 10-ы және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы аясындағы 27 нысанның 16-ның құрылысы басталады. Сондай-ақ облыс әкімі өңір үшін «Қараөзек» су қоймасының құрылысы» жобасының маңыздылығын ескере отырып, құрылыс жұмыстарын 2023 жылы бастау үшін республикалық бюджеттен қаржыландыруды сұрады.

СЫР ӨҢІРІНІҢ ДАМУЫ ҮКІМЕТТЕ ҚАРАЛДЫ



Үкімет отырысында егін егу маусымына дайындық шаралары туралы да баяндалды. Аймақта су тапшылығы орын алған жағдайда егіс алқаптарын суармалы сумен қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар жоспары әзірленген.

Биыл облыс бойынша барлығы 190 мың гектардан астам жерге, оның ішінде негізгі дақыл күрішті 81-82 мың гектарға егу жоспарда бар.

Сонымен қатар аймақ басшысы Байқоңыр қаласын дамыту бағытында

«Байқоңурэнерго» жылу электрстанциясын табиғи газға көшіру жұмыстары жүргізілетінін және 50 пәтерлі 5 тұрғын үй биыл пайдалануға берілетінін атап өтті.

Өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру шаралары жүйелі түрде іске асырылуда.

Облыста өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестициялық жобалар аясында өткен жылы құны 4,8 млрд теңгені құрайтын, толық қуаттылыққа шыққанда 175 жұмыс орны ашылатын 7 жоба іске қосылған. Биыл

жалпы құны 12,6 млрд теңгені құрайтын 5 жоба жұмысын бастамақ.

– Өңірде ауылдық елді мекендердегі медицина мамандарының тапшылығын азайту мақсатында 2022 жылы 78 дәрігер жұмысқа қабылданды. Олардың 17-сі елді мекендерге жолданған. 2023 жылдың 1 қаңтарына облыс деңгейіндегі тапшылық 116 дәрігерді құрайды. Биыл 80 дәрігерді жұмысқа қабылдап, олардың 22-ін ауылдық елді мекендерге жолдау жоспарда бар. Ауылдық елді мекендерге келген медицина қызметкерлерін ынталандыру мақсатында тұрақты түрде қаржылай жәрдемақылар қаралып, өңірге аса қажетті медицина мамандықтары бойынша облыс әкімінің гранттары тағайындалып келеді. Осы жұмыстардың нәтижесінде алдағы уақытта дәрігерлер тапшылығы толығымен жойылады деп күтілуде. Сыр өңіріне жұмыс сапарының барысында берген тапсырмаларыңыздың орындалу барысы қатаң бақылауда, – деді баяндамасында облыс әкімі.

Аймақ басшысының барлық ұсыныстары мен қолдау көрсетуді сұраған мәселелері республикалық бюджеттік комиссияның қарауына ұсынылатын болды.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

БАҚ ФОРУМЫ: АЙМАҚТЫҚ БАСЫЛЫМҒА СЕРПІН

Форумда Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі өңірлерден келген журналистердің сұрақ-өтініштеріне жауап берді. Министр балаларға арналған басылымдардың хал-ахуалын көтеруге назар аударды. Оған қоса өңірлік мерзімді басылымдар форумын өткізу үшін бюджеттен және министрлік тарапынан бір тиын да жұмсалмағанын айтты. Дархан Қуандықұлы өңірлік мерзімді басылымдардың жағдайына нақты ғылыми зерттеу жасау керектігін жеткізді.

– Аймақтағы басылымдарды қаржыландыру тетігі мен ережелерін қайта қарастырып жатырмыз. БАҚ-қа берілетін мемлекеттік тапсырыстың талаптарын жеңілдетуге мүдделіміз. Атап айтқанда, жергілікті БАҚ-ты қолдау тарифтері 2019 жылдан бері өзгермегені белгілі. Соған байланысты біз тарифтерді ұлғайтуды жоспарлаудамыз. Бұл шаралар жобалық тәсілде өңірлік мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ жергілікті БАҚ-қа жаңа серпін беріп, он әсер етеді деген үміттеміз, – деді Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі.

Сонымен бірге министр Дархан Қуандықұлы газет басу, тарату ісінде, аудандық басылымдарын



жаңа медиаға бейімдеуде Қызылорда облысындағы «Сыр медиа» осындай айтқан мәселелеріңіздің барлығын да назарға аламыз.

«Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаевтың айтуынша, жастар газет оқудан, руханияттан алшақтап бара жатқан заманда Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бас-таманы қолға алмақ. Яғни, 5 мың студенттің мерзімді басылымдарға жазылуына республикада алғаш болып субсидия бөлуді қарастырып жатыр.

Шара соңында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі:

– Ақылдасу үшін жасалған дүние өз үдесінен шықты ғой деп ойлаймын. Жазбаша қалдырған, осындай айтқан мәселелеріңіздің барлығын да назарға аламыз. Сол арқылы жұмыс істейміз. Өйткені заң жобасынан кейін ережелер өзгереді, сол арқылы даму концепциямызда, қаржыландыру және басқа да бағыттарда үлкен-үлкен өзгерістер болады. Соны ескере отырып кездесу ұйымдастырдық, – деді.

Мұндай форумдары алдағы уақытта аймақтарда өткізу туралы ұсыныс қабылданды.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

Қазақстанның кен байлығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Біздегі байлық басқаларда болса халқын алтынмен аптап, күміспен қаптамаса да әлеуетін әлдеқайда жақсартар еді.



КЕН ОРЫНДАРЫ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Иә, бүгінде жұртшылық осындай әңгімені жиі айтатын болды. Тіпті арабтар сияқты өмір сүріп, елімізде бір емес бірнеше Дубайды салып тастауға болады дейтіндер де бар. Кейбіреулер мұндай әңгімелерді жай сөз деуі де мүмкін. Бірақ «жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайтыны» секілді әлгіндей әңгімелердің жаны болмаса ел ішінде осыныша есер ме еді?.. Несін жасырамыз, көп байлығымыз жекенің меншігінде. Тіпті сол байлықтың басым бөлігінің қызығын шетелдіктер көріп жатыр. Бұл сөзімізге ондаған, жо-жоқ жүздеген мысал келтіруге болады. Ал жекенің еншісіне тиген байлықты қайтару мүмкін бе? Иә, мүмкін! Ол әділетті Қазақстанда жүзеге асады.

Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр қатты пайдалы қазбалар мен көмір-сутек шикізатының кен орындарын тексеру мәселесі жөнінде кеңес өткізді, деп хабарлайды primeminister.kz. Осы жылында алтын, көмір, темір, мыс, боксит, полиметалл және басқа да кен орындары мемлекеттік қорға қайтарылғаны айтылды.

Міне, жаңалық! Ақпарат көзіне сүйенсек, Үкімет жер қойнауын пайдаланушыларға берілген келісімшарттар мен лицензияларды қайта қарау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Талдау барысында өткен жылы уәкілетті органдар қатты пайдалы қазбалар бойынша 115 келісімшарт пен 198 лицензияны, сондай-ақ көмірсутек шикізаты бойынша 12 келісімшартты бұзған. Нәтижесінде мемлекеттік қорға алтын, көмір, темір, мыс, боксит, полиметалл және басқа да кен орындары қайтарылды, олар кейіннен стратегиялық инвесторларға беру үшін аукционға шығарылды.

2022 жылы өткізілген аукциондардың қорытындысы бойынша бюджетке 26 млрд

теңге сомасына қол қою бонусы төленді және көмірсутек шикізаты бойынша геологиялық барлауға 50 млрд теңгеден астам инвестиция мәлімделді. Жер қойнауын пайдалану құқығын ұсынуға арналған аукционға барлық мүдделі инвесторлар қатыса алады. Аукциондарды өткізу туралы ақпарат міндетті түрде республикалық баспа басылымдарында және мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында жарияланады. Сонымен қатар уәкілетті органдар қаржылық міндеттемелерді бұзған жер қойнауын пайдаланушыларға айыппұл санкцияларын қолдану бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Өткен жылы мемлекет кірісіне қатты пайдалы қазбалар бойынша 331 млн теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілді, сондай-ақ көмір-сутек шикізаты саласындағы 9 келісімшарт бойынша 1,8 млрд теңгеге берешек өтелді. Қабылданып жатқан шаралар нәтижесінде жер қойнауын пайдалану саласына, бірінші кезекте қатты пайдалы қазбалар кен орындарын игеру үшін инвестиция ағыны ұлғаяды.

Үкімет сайты таратқан мына ақпаратқа қарап, «ұстағанның уысында, тістегеннің аузында» кетіп жатқан талай байлыққа толы кен орындарын қайтаруға болады екен ғой деген тұжырым жасадық. Баяғыда бір көкем шындап келсе бәрі биліктің өз қолында деген еді. Шынында солай екен-ау. Енді мұнай кеніштері қайтарылса, мемлекет меншігіне берілсе, ол халықтың игілігіне жараса деген тілек бар бізде. Өйткені үкімет бұл бағыттағы жұмысты әлде де жалғастырады екен.

А.АҚЫБЕК

НАН НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Ас атасы тағы да қымбаттады. Бүгінде екі адамның басы қосылса, қымбатшылықты сөз етеді. Енді қайтсін, қазіргі күннің басты тақырыбы осы. Базар бағасы құбылып тұр. Құбылғанда бағасы түссе жақсы ғой, шарықтап бара жатыр. Мәселен, нан бағасы өткен аймен салыстырғанда 5-10 теңгеге қымбаттаған. Күнделікті сатып алушылардың қалтасына бұл әжептеуір салмақ. Атап айтсақ, өткен айда бөлке нан кейбір жерлерде 85 теңгеден сатылса, бүгінде 90-130 теңге аралығында. Ал 130 теңгеден сатып алатын тандыр нанның кішкентайы 140 теңгеден басталса, үлкені 180-200 теңге аралығында. Бірақ та нан бағасы өскенмен, үн қымбаттамағанын білдік.

Бүгінде қызылордалықтардың көпшілігі азық-түлікті «Асқар», «Ажар», сауда дүкендерінен және «Сұлттан», «Отырар» базарларынан алады. Бұл сауда орындарында ұнның бағасы әртүрлі. Арнайы аралап көргенде «Ажар» сауда дүкенінде ұнның екі келісі – 680-710 теңге аралығында. Ал 25 кг бірінші сортты ұнның бағасы 5300 теңгеден басталса, 50 кг ұн бағасы 10850-12200 теңге аралығында екен. Сонымен қатар 50 кг жоғары сортты ұнды 13600 теңгеден ала аласыз. Біз аралаған дүкендердегі баға осындай. Тек арасындағы 50-100 теңге айырмашылықты байқауға болады.

Нарыққа бағынбай тұрған бағаны тұрақтандыру мақсатында аймақта шаралар

қабылданып келеді. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, бағаны тұрақтандыру мақсатында өңірлік тұрақтандыру қоры жұмыс істейді.

Нан бағасын тұрақтандыруға «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ-нан 12,1 мың тонна астық сатып алынып, 54 наубайханаларға таратылған. Аталған наубайханада нан бағасы 90 теңгеден сатылуда. Бүгінгі күнге 7,6 мың тонна ұн жеткізілсе, 1,1 мың тонна ұн өндіру кәсіпорнында. Бұдан бөлек, Рудный қаласының «Құстанайская мукомольная компания» ЖШС-нің ұн өңдеу кәсіпорнынан 544,0 тонна үнмен қамтамасыз ету бойынша келісім шарт жасалып, бүгінгі күнге осы көлемнің барлығы жеткізілген.

Айта кетелік, осы айда 3 өнімнің бағасы өскен. Атап айтсақ, пияз – 5,9%, күріш – 1,9%, нан – 1,7% қымбаттаған.

Қалай десек те, халық сауда орталығы мен дүкен сөресіндегі бағаға тәуелді. Бірақ соңғы уақытта бағаның өскенін көрсек те, төмендегенін байқамадық. Әсіресе, халық жиі тұтынатын ұн, нан, макарон өнімдері, ет, сүт, көкөністердің бағасы қолжетімді болғанға не жетсін?

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева брифинг берді. Брифингте өткен жылғы атқарылған жұмыс пен биылғы жоспар жайы баяндалды.

Қазіргі таңда Қызылорда қаласында 349 мың тұрғын бар. Халықтың 31 мыңы зейнеткерлер, 10 мыңға жуық мүгедектігі бар жандарды құрайды. Осы санаттағы адамдарға 28 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетілген. Мәселен, Ұлы Отан және Ауған соғысының ардагерлеріне, Семей ядролық

225 отбасы ыстық тамақпен қамтылды

сынақтарына қатысушыларға ай сайын жергілікті бюджеттен әлеуметтік төлемдер төленіп отыр.

– Жалпы, 2022 жылы Қызылорда қаласында 11 331 жаңа жұмыс орны ашылды. Оның ішінде 6698 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Бұдан бөлек Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын ашу тапсырмасы аясында 5732 жаңа жұмыс орны ашылды. «Жұмыспен қамтудың өңірлік картасы» шеңберінде 31 жоба арқылы 504 азамат жұмыспен қамтылды. Мүгедектігі

бар адамдарды жұмыспен қамту мақсатында 12 мекемеге 26 азамат тұрақты жұмысқа орналасты, – деді Кенжегүл Құрақбайқызы.

Ауылдық округтердегі мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алып беруге көмек көрсетілген. Мүгедектігі бар адамдарға ай сайын қаржылық көмек көрсетіп отыр. Сонымен қатар ымдау тілі мамандарына еңбегіне орай жалақы төленуде. Арнайы тапсырмамен мүгедектігі бар адамдарға көмек көрсетіліп келеді. Үйде тәрбиеленіп және

оқытылатын мүгедектігі бар 507 балаға әлеуметтік төлем жүргізіледі. Әлеуметтік тұрғыдан осал 225 отбасы ыстық тамақпен қамтылған.

Басшының сөзіне сүйенсек, осы жылы әлеуметтік топтамаға ие болған 1-6 жасқа дейінгі балаларға қосымша төлем ретінде қаржылық көмек көрсетіледі. Қазіргі таңда қажетті құжаттарды қабылдау жұмысы жүргізіліп жатыр.

Нұрдаурен ЖОРДЕМХАН,
Қорқыт ата атындағы
КУ 4 курс студенті

2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы бойынша аумақтық, округтік, учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы хабар

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына, 15-бабының 3-тармағына, 17-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы аумақтық, Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі округтік және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы хабарлайды:

Қызылорда қалалық аумақтық сайлау комиссиясы

Баймурзаев Галым Конакбаевич – төраға, Муханова Алия Муханбеткалиевна – төраға орынбасары, Насибеков Кенес Эрдибекович – хатшы, комиссия мүшелері: Құрақбаева Кенжегүл Құрақбайқызы, Боданов Ерлан Тенизбаевич, Мүсілімов Жәнібек Исабекұлы, Ыдырысова Мөлдір Сәкенқызы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №1 округтік сайлау комиссиясы

Абдикадилов Канат Алибекович - төраға, Фазилат Назерке Фазилатқызы - төраға орынбасары, Балмаганбетова Лаура Ерболовна - хатшы, комиссия мүшелері: Бекболатқызы Айым, Ералиева Венера Орынбасаровна.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №2 округтік сайлау комиссиясы

Изтлеуова Мария Жадигеровна - төраға, Махашова Ақбота Оразбекқызы - төраға орынбасары, Ертайқызы Индира - хатшы, комиссия мүшелері: Қарақұлова Айгүл Жетесқызы, Мергенбай Қожаберген Әділбекұлы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №3 округтік сайлау комиссиясы

Сапабекова Гулден Жантасовна - төраға, Сәрсенбай Римма Қадырханқызы - төраға орынбасары, Қалыбекова Акерке Қалыбекқызы - хатшы, комиссия мүшелері: Шалқарбаев Әлішер Маратұлы, Олжабаева Софья Асановна.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №4 округтік сайлау комиссиясы

Сарбасова Гүлсім Қалдыбекқызы - төраға, Жолаева Айнаш Журсиновна - төраға орынбасары, Махатова Гульжазира Жургенбаевна - хатшы, комиссия мүшелері: Уразалиева Аида Турганбаевна, Бакирова Анар Сейдуалиевна.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №5 округтік сайлау комиссиясы

Қаракулова Карлығаш Капашовна - төраға, Сулейменова Жаухар Билбаевна - төраға орынбасары, Сейтжаппарова Алина Мереккевна - хатшы, комиссия мүшелері: Қапашева Ұлболсын Жетесқызы, Елеш Күндыз Серікқызы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №6 округтік сайлау комиссиясы

Кумекбаева Жанат Шамшатовна - төраға, Серікбай Райса Серікбайқызы - төраға орынбасары, Қыдырғалиқызы Эльмира - хатшы, комиссия мүшелері: Балыкбаева Гулзира Серикбаевна, Кенжебай Мәдина Болатқызы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №7 округтік сайлау комиссиясы

Жапанов Зайрхан Наметуллаевич - төраға, Нагиятова Макпал Койлыбаевна - төраға орынбасары, Байжанова Гулсим Муханбеткалиевна - хатшы, комиссия мүшелері: Каныбетова Акмарал Шамшадиновна, Сәбит Дана Алмасқызы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №8 округтік сайлау комиссиясы

Алтынбекова Гульмира Тойлыбековна - төраға, Маратқызы Сәния - төраға орынбасары, Шукбарова Гульфайруз Айтугановна - хатшы, комиссия мүшелері: Ерғешбаев Адикадир Нальхожаевич, Ердібек Шерхан Кеңесұлы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №9 округтік сайлау комиссиясы

Рахметова Жанна Бакытбековна - төраға, Жунусова Мерует Молтовна - төраға орынбасары, Кәртай Лаура Өмірбайқызы - хатшы, комиссия мүшелері: Төремұратова Самал Төрбекқызы, Құлмаганбетов Акмырза Құлмаганбетович.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №10 округтік сайлау комиссиясы

Айтилесова Гульмира Шакизадаевна - төраға, Абдрахман Ақбота Мұратқызы - төраға орынбасары,

Накыпова Жанат Зейнуллақызы - хатшы, комиссия мүшелері: Қосымбек Гүлзат Жәнібекқызы, Мырзабек Ұлбала Мырзабекқызы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №11 округтік сайлау комиссиясы

Рахметов Алмат Бакытбекович - төраға, Крюгер Светлана Владимировна - төраға орынбасары, Толыбаева Айгерім Толыбайқызы - хатшы, комиссия мүшелері: Қалиева Ақтолықын Нұрділләқызы, Қуандық Ақгүл Дәуренбекқызы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №12 округтік сайлау комиссиясы

Кулетова Бахиткул Назиковна - төраға, Есжанова Кулмиза Кенесовна - төраға орынбасары, Жумабекова Бибигуль Мусирепхановна - хатшы, комиссия мүшелері: Жанаштай Жанар Доктирбаевна, Каликова Гульдана Нурахметовна.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №13 округтік сайлау комиссиясы

Абибуллаева Зухра Абдуллаевна - төраға, Құрашова Гүлдана Құрманалықызы - төраға орынбасары, Шағирбаева Асемкуль Кахаровна - хатшы, комиссия мүшелері: Мухашова Кенже Жұмамуратовна, Сәкен Акерке Сәкенқызы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №14 округтік сайлау комиссиясы

Тилеуова Габира Ануаровна - төраға, Нургалиева Нургуль Сагидуллаевна - төраға орынбасары, Садыкова Гаухар Бижановна - хатшы, комиссия мүшелері: Наурызбаева Алмагүл Жандаулетовна, Жаманбай Хамида Жаңабекқызы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №15 округтік сайлау комиссиясы

Турбаева Саркыт Акмуразаевна - төраға, Әділбеков Мейрамбек Сәрсенбайұлы - төраға орынбасары, Дүзенова Гүлдана Өмірқызы - хатшы, комиссия мүшелері: Тулегенова Арайлым Мырзабаевна, Караманова Кигаш Тулеуовна.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №16 округтік сайлау комиссиясы

Балтабаева Гулмира Балтабаевна - төраға, Нетбаева Гүлжайна Ғабитқызы - төраға орынбасары, Алиева Галия Зеравшановна - хатшы, комиссия мүшелері: Мастекова Гульзинат Каирбековна, Садык Досбол Мырзағалиұлы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №17 округтік сайлау комиссиясы

Қалымбетова Жұлдыз Серікбайқызы - төраға, Пірмантаева Жанар Өмірсерікқызы - төраға орынбасары, Дүйсенбаева Алмагүл Дүйсенбайқызы - хатшы, комиссия мүшелері: Құлджанова Гулбану Сарваровна, Айменова Венера Жарылқасынқызы.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №18 округтік сайлау комиссиясы

Алимова Айжан Шорабековна - төраға, Есмаханова Гулнур Усеровна - төраға орынбасары, Ногаева Гульназ Оразбековна - хатшы, комиссия мүшелері: Омарова Роза Мұқашқызы, Алмасбекова Сұлушаш.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №19 округтік сайлау комиссиясы

Кунхожаева Майра Алашбаевна - төраға, Байжанова Макпал Шермухамедовна - төраға орынбасары, Рзаева Гулдана Бегмановна - хатшы, комиссия мүшелері: Бекетова Айгүл Маратқызы, Тулендиева Меруерт Калмуханбетовна.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №20 округтік сайлау комиссиясы

Ерназарова Зафура Шаршабековна - төраға, Танибаева Гульжан Айнабековна - төраға орынбасары, Қалдыбекова Айгүл Қалдыбекқызы - хатшы, комиссия мүшелері: Досжанова Ботакөз Нұрханқызы, Айдарбекова Ақбота Ертаевна.

Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі №21 округтік сайлау комиссиясы

Ахунова Кулсин Ораловна - төраға, Балжанова Гүлбада Ерболатовна - төраға орынбасары, Абдікамал Мөлдір Жүсіпқызы - хатшы, комиссия мүшелері: Абдуллақызы Ұлжан, Зарипова Зина Жанабаевна.

Сообщение о составах территориальной, окружных, участковых избирательных комиссий по внеочередным выборам депутатов Мажилиса Парламента и маслихатов Республики Казахстан, назначенным на 19 марта 2023 года

В соответствии с пунктом 4 статьи 13, пунктом 3 статьи 15, пунктом 2 статьи 17 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Кызылординская городская избирательная комиссия сообщает о составах территориальной, окружных по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата и участковых избирательных комиссий.

Территориальная избирательная комиссия города Кызылорды

Баймурзаев Галым Конакбаевич – председатель, Муханова Алия Муханбеткалиевна - заместитель председателя, Насибеков Кенес Эрдибекович – секретарь. члены: Құрақбаева Кенжегүл Құрақбайқызы, Боданов Ерлан Тенизбаевич, Мүсілімов Жәнібек Исабекұлы, Ыдырысова Мөлдір Сәкенқызы.

Окружная избирательная комиссия №1 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Абдикадилов Канат Алибекович - председатель, Фазилат Назерке Фазилатқызы – заместитель председателя, Балмаганбетова Лаура Ерболовна – секретарь, члены: Бекболатқызы Айым, Ералиева Венера Орынбасаровна.

Окружная избирательная комиссия №2 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Изтлеуова Мария Жадигеровна - председатель, Махашова Ақбота Оразбекқызы – заместитель председателя, Ертайқызы Индира – секретарь, члены: Қарақұлова Айгүл Жетесқызы, Мергенбай Қожаберген Әділбекұлы.

Окружная избирательная комиссия №3 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Сапабекова Гулден Жантасовна – председатель, Сапабекова Гулден Жантасовна – заместитель председателя, Қалыбекова Акерке Қалыбеккызы – секретарь, члены: Шалқарбаев Әлішер Маратұлы, Олжабаева Софья Асановна.

Окружная избирательная комиссия №4 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Сарбасова Гүлсім Қалдыбекқызы – председатель, Жолаева Айнаш Журсиновна – заместитель председателя, Махатова Гульжазира Жургенбаевна – секретарь, члены: Уразалиева Аида Турганбаевна, Бакирова Анар Сейдуалиевна.

Окружная избирательная комиссия №5 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Қаракулова Карлығаш Капашовна – председатель, Сулейменова Жаухар Билбаевна – заместитель председателя, Сейтжаппарова Алина Мереккевна – секретарь, члены: Қапашева Ұлболсын Жетесқызы, Елеш Күндыз Серікқызы.

Окружная избирательная комиссия №6 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Кумекбаева Жанат Шамшатовна – председатель, Серікбай Райса Серікбайқызы – заместитель председателя, Қыдырғалиқызы Эльмира – секретарь, члены: Балыкбаева Гулзира Серикбаевна, Кенжебай Мәдина Болатқызы.

Окружная избирательная комиссия №7 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Жапанов Зайрхан Наметуллаевич – председатель, Нагиятова Макпал Койлыбаевна – заместитель председателя, Байжанова Гулсим Муханбеткалиевна – секретарь, члены: Каныбетова Акмарал Шамшадиновна, Сәбит Дана Алмасқызы.

Окружная избирательная комиссия №8 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Алтынбекова Гульмира Тойлыбековна – председатель, Маратқызы Сәния – заместитель председателя, Шукбарова Гульфайруз Айтугановна – секретарь, члены: Ерғешбаев Адикадир Нальхожаевич, Ердібек Шерхан Кеңесұлы.

Окружная избирательная комиссия №9 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Рахметова Жанна Бакытбековна – председатель, Жунусова Мерует Молтовна – заместитель председателя, Кәртай Лаура Өмірбайқызы – секретарь, члены: Төремұратова Самал Төрбеккызы, Құлмаганбетов Акмырза Құлмаганбетович.

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ

Окружная избирательная комиссия №10 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Айтилесова Гульмира Шакизадаевна – председатель, Абдрахман Ақбота Мұратқызы – заместитель председателя, Накыпова Жанат Зейнуллақызы – секретарь, члены: Қосымбек Гүлзат Жәнібеккызы, Мырзабек Ұлбала Мырзабеккызы.

Окружная избирательная комиссия №11 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Рахметов Алмат Бакытбекович – председатель, Крюгер Светлана Владимировна – заместитель председателя, Толыбаева Айгерім Толыбайқызы – секретарь, члены: Қалиева Ақтолықын Нұрділләқызы, Қуандық Ақгүл Дәуренбекқызы.

Окружная избирательная комиссия №12 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Кулетова Бахиткул Назиковна – председатель, Есжанова Кулмиза Кенесовна – заместитель председателя, Жумабекова Бибигуль Мусирепхановна – секретарь, члены: Жанаштай Жанар Доктирбаевна, Каликова Гульдана Нурахметовна.

Окружная избирательная комиссия №13 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Абибуллаева Зухра Абдуллаевна – председатель, Құрашова Гүлдана Құрманалықызы – заместитель председателя, Шағирбаева Асемкуль Кахаровна – секретарь, члены: Мухашова Кенже Жұмамуратовна, Сәкен Акерке Сәкенқызы.

Окружная избирательная комиссия №14 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Тилеуова Габира Ануаровна - председатель, Нургалиева Нургуль Сагидуллаевна – заместитель председателя, Садыкова Гаухар Бижановна – секретарь, члены: Наурызбаева Алмагүл Жандаулетовна, Жаманбай Хамида Жаңабекқызы.

Окружная избирательная комиссия №15 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Турбаева Саркыт Акмуразаевна – председатель, Әділбеков Мейрамбек Сәрсенбайұлы – заместитель председателя, Дүзенова Гүлдана Өмірқызы – секретарь, члены: Тулегенова Арайлым Мырзабаевна, Караманова Кигаш Тулеуовна.

Окружная избирательная комиссия №16 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Балтабаева Гулмира Балтабаевна – председатель, Нетбаева Гүлжайна Ғабитқызы – заместитель председателя, Алиева Галия Зеравшановна – секретарь, члены: Мастекова Гульзинат Каирбековна, Садык Досбол Мырзағалиұлы.

Окружная избирательная комиссия №17 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Қалымбетова Жұлдыз Серікбайқызы – председатель, Пірмантаева Жанар Өмірсерікқызы – заместитель председателя, Дүйсенбаева Алмагүл Дүйсенбайқызы – секретарь, члены: Құлджанова Гулбану Сарваровна, Айменова Венера Жарылқасынқызы.

Окружная избирательная комиссия №18 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Алимова Айжан Шорабековна – председатель, Есмаханова Гулнур Усеровна – заместитель председателя, Ногаева Гульназ Оразбековна – секретарь, члены: Омарова Роза Мұқашқызы, Алмасбекова Сұлушаш.

Окружная избирательная комиссия №19 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Кунхожаева Майра Алашбаевна – председатель, Байжанова Макпал Шермухамедовна – заместитель председателя, Рзаева Гулдана Бегмановна – секретарь, члены: Бекетова Айгүл Маратқызы, Тулендиева Меруерт Калмуханбетовна.

Окружная избирательная комиссия №20 по выборам депутатов Кызылординского городского маслихата

Ерназарова Зафура Шаршабековна – председатель, Танибаева Гульжан Айнабековна – заместитель председателя, Қалдыбекова Айгүл Қалдыбеккызы – секретарь, члены: Досжанова Ботакөз Нұрханқызы, Айдарбекова Ақбота Ертаевна.

